

Сабақтың тақырыбы: «Б» мен «П» дыбысын ажырату

Сабақтың мақсаты:

1.Білімділік: Сөз соңында «Б» мен «П» дыбыстарын жазуда ажырата білуді меңгерту. Сұрақтарға толық жауап бере білуге және өз ойын тез әрі жүйелі жеткізуге дағдыландыру

2.Дамытушылық: Ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу тілдерін, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сауатты көркем жазу дағдыларын, дұрыс сөйлеу, қатесіз, түсініп оқу дағдыларын дамыту. Логикалық ойлауын, сурет бойынша сөйлем құрап айту дағдыларын жетілдіру.

3.Тәрбиелік: Ұқыптылыққа және ұғымдылыққа тәрбиелеу.

4. Көрнекілік: Суреттер, карточкалар,

5. Сабақтың барысы: 1. *Психологиялық жаттығу.*

Біз бәрін де білеміз, біздің қолымыздан бәрі де келеді .

Біз сөйлеу ережесін сақтаймыз. Біз сұрақтарға ойланып, толық жауап береміз.

Біз бір-бірімізді сыйлаймыз. Біз сабағымызды жақсы өткізуге тырысамыз.

а) .Тыныс алу жаттығулары (мұрын және ауыз арқылы тыныс алуды ажырату)

- терең тыныс алып, ұзақ «ббббб...» дыбысын сыбырлап айтқандай дем шығару;

- терең тыныс алып, ұзақ «ппппп...» дыбысын айтып отырып, дем шығару.

ә). **«Көбелек ұшыру»** (көбелекті үрлеу арқылы қозғалту).

б). **«Шар»** (шарға жел толтыру).

Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем мезгілі.
- Көктем мезгіліне жататын айларынды атаңдар.
- Наурыз, сәуір, мамыр.
- Көктемде қандай ерекшеліктер бар?
- Күн жылынады. Қар ериді. Құстар келеді. Жылғалардан су ағады.
- Күн жылынса, біздің жүрегіміз де жылы.
- Жылуымызды жан – жағымызға береміз.
- Біз дос, тату боламыз.
- Жарайсыңдар, балалар.
- Біз бүгінгі сабағымызда ойындар арқылы түрлі тапсырмалар орындау барысында білімімізді сынаймыз.

Дауысқа арналған жаттығулар жасау арқылы дауысымызды қалыпқа келтіріп алайық (күші, ұзақтығы, ұзындығы бойынша әртүрлі дыбыстарды айту біліктерін дамыту).

Дауыстап: по-по-пойыз, са-са-сағат, кі-кі- кілт;

Жай дауыспен: до-до-доп, ба-ба-бала, ба-ба-бақа;

Сыбырлап: ша- ша- шана, та-та-на, ке-ке-кесе;

Балалар, жаңа сабағымыздың тақырыбын білу үшін мен сендерге жұмбақ жасырамын, сол жұмбақтың шешсеңіздер, бүгінгі сабақтың тақырыбы шығады.

Мен –ақ қалам, ақ қалам, Жазған сайын жоқ болам. (бор).

Бірінші дыбыс қандай дыбыс?

- «Б» дыбысы.

Қабат- қабат қаптама. Ақылың болса, аттама. (кітап)

Соңғы дыбыс қандай дыбыс?

- «П» дыбысы.

Осы дыбыстар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы.

Енді, осы дыбыстарды айналарына қарап, айтып көрейік:

«Б» дыбысын айтқанда еріндеріміз бір-біріне тиіп, түйіседі.

«П» дыбысын айтқанда тілдің ұшы төменгі тіске тіреліп, үсті қатаң таңдайға көтеріліп, иіліп тұрады.

Сонымен «б», «п» дыбыстары қандай дыбыстар?

- Дауыссыз дыбыстар.
- Қандай текшемен белгіленеді.
- Көк текшемен белгіленеді.

1- тапсырма. Төмендегі сөздерге «ы», «і» әріптерінің тиістісін қосып жаз:

Мектеп, тәртіп, қолғап, қорап, топ, көп, шөп, талап.

- Бұл сөздердегі (п) дыбысының (б) –ға айналуы қай дыбыстың әсерінен деп ойлайсың?
- Дауысты «ы», «і» дыбыстарының әсерінен.
- Балалар, сендер тапсырманы дұрыс орындадыңдар.. Олай болса, балалар, сөз соңында «п» естілгенімен, дауысты дыбыстардың әсерінен «б» әрпі жазылу керектігін есте сақтайық.

2-тапсырма: «Білімді мықта» ойыны. Шарты: көп нүктенің орнына тиісті б, п әріптерін қойып, сөздерді оқы.

Жі... (п), до...(п), тала...(п), клу (б), та...(п), қа...(п), жа...(т), шта...(б).

П,б дыбыстары дауыссыздың қай түріне жатады?

б). Артикуляциялық тіл жаттығулары (сөйлеу аппаратының қимыл- қозғалысын дамыту) :

«Арықша», «Сағат», «Ат шауып келеді», «Тәтті тосап», «Ине».

3- тапсырма: «Тездет, бірақ қателеспе»: Орны ауысқан сөздерден берілген сызба бойынша сөйлем құра.

а). Балалар, аулады, балық.----- .

ә). Арпа, шашты, Айгүл, балапандарға. ----- .

б). Тәртіпті, оқушы, Бану. ----- .

4- тапсырма: «Кім зейінді?» Шарты:

«Б» әрпінен аяқталып тұрған сөздерді бір бөлек жаз.

«П» әрпінен аяқталып тұрған сөздердерді бір бөлек жаз.

Топ, штаб, шалап, қап, клуб, кәуап, қалып, куб, араб, қолғап, сап.

5- тапсырма: «Тапқыр болсаң, талас жоқ». Шарты: Көп нүктенің орнына п,б, әрпінің тиістісін қойып, сөйлемді оқы:

1.Темір төрт сұраққа жауа...(п) жазды. Бір сұрағының жауа...(б)ы дұрыс болмады.

2. Жарысқа алты то...(п) қатысты. Алмастың то...(б)ы жеңімпіз атанды.

3.Биыл шө...(п) бітік. Біз шө...(б)і шүйгін жерді шаптық.

3.Сергіту сәті: Суретке қарап сөздерді буынға бөлейік:

Ба-лық, пар-та, ба- нан, пе-нал, ас-қа- бақ, дөп-тер.

6- тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. «Б,П» дыбыстары кездесетін сөздерді ата.

Суреттегі өлеңді бәріміз хормен оқиық:

Партада жатқан кітапты

Піл парактап кітапты
Кітаптан алған білімі
Пайдасына жарапты.

4.Сабақты қорыту.

- Біз қандай ойындар ойнадық?
- Сөз соңында «б» естілгенмен қандай әріп жазылады?
- П әріпі жазылады. М. кітап, талап, доп, т.б
- П дыбысының соңынан кейін дауысты дыбыс келсе, қандай дыбысқа өзгереді?
- Б дыбысына өзгереді. М: доп- добы, жіп- жібі, қап- қабы, тап- табы.

Үй тапсырмасы: «п» дыбысының «б» дыбысына айналуына сөздер құрастыру.